**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Сәуір айы 2024 жыл 2 апта**
**№1 «Балапан» кіші тобы**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 08.04.2024 | Сейсенбі 09.04.2024 | Сәрсенбі 10.04.2024 | Бейсенбі 11.04.2024 | Жұма 12.04.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Үш түрлі смайликпен қарсы алу | Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу | Достар әнімен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстел үсті, саусақ және т.б ойындар.** **Танымдық-коммуникативтік дағдылар** | **Құрылыс ойындары** **Шығармашылық дағдылар** | **Фотосуреттер қарастыру:** «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау **Коммуникативтік дағдылар** | **Саусақ ойыны**: «Әжемнің ертегілері». Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туысқандары туралы әңгімелеп беру | **Дид ойын:** «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу **Коммуникативтік дағдылар** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңертеңгі жаттығулар кешені №15 (құралмен)**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүру. Шеңбер бойы тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау<br>**Б.қ: «Ара ұшты»** Аяқтар алшақ қойылған, бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. (5 рет қайталау)<br>**Б.қ: «Көбелек қонды»** Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру, басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. (6 рет қайталау)<br>**Б.қ: «Оң-сол»** Аяқтары алшақ қойылған, лентала төменде. Басты оңнан-солға қарай бұрып «оң жақ» деп айту. (6рет қайталау)<br>**Б.қ: «Тик-так»** Аяқтары алшақ, қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту, «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (6рет қайталау)<br>**Қорытынды:** Шеңбер бойымен жүру. **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. | Берілген заттардың 3-2 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын пысықтау. | Табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауға үйрету | Үй құстарын (тауық, қаз, үйрек). Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, . тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасауды ұйымдастыру. | Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білуді, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеуді, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды дамыту |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Түрлі заттардың астынан 0,3-1,3 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. | **Дене шынықтыру**<br>Түрлі заттардың астынан 0,3-1,3 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. | **Музыка**<br>Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуғаынталандыру. | | **Дене шынықтыру**<br>Еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттапсекіруге үйрету. |
| | Жастарына сәйкес көркем шығармалар оқып беру. «Ай мен жұлдыз» ертегісі. Кейіпкерлердің сөздерін қайталату. дауысын салуды үйрету.<br>**(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларда бейнелеу әрекетіне деген | Ұшақтың дауысы естірту. Балалардан бұл ненің дауысы? сұрау. Осы дауысты бірнеше рет айтып қайталату. Содан соң суретін көрсету. Ұшақ туралы мультиктен үзінді көрсету. Ұшақ болып | Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Аспандағы бұлттарды мүсіндету.<br>**(мүсіндеу)**<br>Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым | Терезеге қаратып, күнге назар аудapту. Күн қандай? деген сұраққа жауап беруді үйрету.<br>Күннің суретін көрсетіп, әр балаға жылы сөз айтуды үйрету.<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br>Домалақ күнге шуақтарын қойдырту.<br>**(сенсорика)** | Қалаған заттың мүсінін жасауды ұсыну және жасау дағдысын пысықтау<br>**(Мүсіндеу)**<br>Гүлдерді тоғайға жапсыруды үйрету<br>**(Жапсыру)** |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылығын дамыту.<br><br>Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтерін ( айды) салуын жетілдіру<br><br>**(сурет салу)** | ұшуды ұйымдастыру. Құрастыру заттарынан ұшақ жасату.<br><br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | элементтерін (бұлттарды) салуды меңгерту. дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеулерін дамыту.<br><br>**(Сурет салу)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, катармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен таныстыру . Балабақша ауласының ережелерін таныстыру. Сырғанақ, әткеншекті пайлану бойынша нұсқаулықтар беру.<br><br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Доп мүсінін жасауда техникалық дағдыларды қалыптастыру **(мүсіндеу)** | Ағаш бұтақтарынан ұшақ жасату.<br><br>**(құрастыру)**<br><br>Ағаштарды бақылату, жел тұрғанда олардың жапырақтарының қимылына назар аударту. Қимылды ойын: «Поезд»<br><br>Доптарды бір-біріне домалату<br><br>**(дене шынықтыру)** | *Балабақша ауласына шығып аспанға қарау. не көріп тұрғандарын анықтату. Көргендерін атауды, сипаттауды дамыту.*<br><br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Қимылды ойын:**<br><br>*«Шарды ұста»*<br><br>Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау,ол әуендерді тани | Өлі табиғатпен (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас) әрекет ету түрлерін (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, , тасты жинау, қалау) таныстырып түсініктерді қалыптастыру, Олармен ойнату және эксперимент жасауды ұйымдастыру. Тасты ағашты суға салуын көруін ұйымдастыру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Ұшақтар»<br><br>Фланелеграфка күнді | «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен таныстыру . Көшедегі көліктердің қауіпті екенін түсіндіру.<br><br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Қимылды ойын: «Автобус» |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылды ойын<br><br>«Шарды ұста»<br><br>Бірдей жұлдыздарды топтастырып ойнату.Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі көлемі неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.<br><br>**(Сенсорика)** | | білуін қалыптастыру<br>**(музыка)** | жапсырту.<br><br>**(жапсыру)**<br><br>Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды дамыту.<br>Құмда саусақпен күннің сурет салғызу.<br><br>**(сурет салу)** | |
| **Серуеннен оралу** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br><br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br><br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br><br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br><br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br><br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Ай мен жұлдыз бейнелерін қағаз бетіне қойып, кескінді конструктивті тәсілмен құрастырып жапсыруға үйрету **(Жапсыру)**<br><br>Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдату,ол әуендерді тани білуін қалыптастыру **(музыка)** | Ұшақтың суретін бояту<br><br>**(Сурет салу)**<br><br>Пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетуді, кесектерді біріктіруді<br><br>мүсіндеуге арналған материалдарды қолдануды жетілдіру. Дайын | Аспан әлемі туралы кітаптар қарату. балалар танитын заттарын айтқызу. топтағы сол заттарға ұқсас заттарды тапқызу. Олардан аспан әлемін құрастырту. **(сөйлеуді дамыту, құрастыру)**<br><br>**Қимылды ойын:** «Жалауға қарай жүгір» | Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қойуын қалыптастыру. Аспандағы күн, ай, жұлдыз ұшақ, бұлттарды дұрыс топтастыруды жетілдіру.<br><br>**(Құрастыру)**<br><br>Ермексаздан күн жасату **(мүсіндеу)** | Лэпбуктен аспан әлемін көрсету, ішіндегі бейнелерді танып атату, тапсырмалар орындату. **(сөйлеуді дамыту, құрастыру)**<br><br>Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды үйлестіру арқылы айдың қасына майда жұлдыздарды салуды үйрету.<br><br>**(сурет салу)** |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұшақтарға дөңгелек жасату.<br><br>**(Мүсіндеу)**<br><br>Еркін ойындар<br><br>Ертегі оқып оны ойыншықтар, суреттер, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеп мазмұнын түсінуге үйрету<br><br>**(көркем әдебиет)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Аққалға қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. | Аянға құрдастарымен ауызша қарым-қатынас жасауды дамыту. | Томириске өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету. | Марғұланға желдің дауысын уууу деп салуды үйрету. | Айшатка аңдар жайлы карточкаларды таныстырп, балалардың дыбыстарды сөздер мен сөз тіркестерін анық айтылуына назар аударуды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| **Серуен** | Балалардың қалауы | аспанда болатын | Балаларға жасырынған | «Санжардың | Ұшақтармен құстарды |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. **(құрастыру)** | сұрақтарға жауап беруге үйрету. **(Сөйлеуді дамыту)** **Қимылды ойын:** «Поезд» | көп), ажыратуын дамыту **(сенсорика)** **Қимылды ойын:** *«Шеңберге тез тұр»* | құрастырғызу **(құрастыру)** | ойнауға мүмкіндік беру. **(құрастыру)** **Қимылды ойын:** «Кім жылдам» Еркін ойындар. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам катарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Гүлдер туралы сұрау | Көктем мезгілі жайлы сұрау | Тіл ұстарту жаттығуы | Сурет салуға үйрету | Түстерді сұрау |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау | Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу | Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме | Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме | Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме |

**«Тексерілді»**
**МКҚК әдіскері:**
**У.Г.Нурмухамметова** ______
«05» «04.2024ж»

Сканировано с CamScanner